

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.12.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, таға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмағомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі.

Күн тәртібі:

1. Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу;
2. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру;
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау;
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау;
5. Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау;

Тыңдалды:

АК төрағасы Ермекбаева А.Ш. сөзі алды. Қайырлы күн, АК мүшелері. Бүгінгі жоспарда Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу, ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мен Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалап, оқыту стратегиясын анықтау. Сонымен қатар, желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижелері туралы сөз болады. Бүгінгі отырыс ашық, аталған мәселелерді талқыласақ.

АК мүшесі, Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Жылқыбай ханым сөз алды: «БВ02336-Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің, жұмыс берушілер мен білімгерлердің пікірлерін, түлектердің еңбек функцияларын ескере отырып, алдымен, түлектердің атрибуты жасалды. Атрибуттан түлектердің моделі шықты. Атрибут, модель осы ББ-ның мақсатын көрсетеді. Атрибуттарға соларды анықтайтындай оқыту нәтижелерін, оларға қай пәндер сәйкес келетінін анықтадық. Қолданыстағы ББ-дағы пәндер мен жаңа ББ пәндерін салыстырдық. Жаңа ББ-да біршама пәндердің басын біріктіріп, пән санын азайтып кредиттер санын көбейтуді көздедік. Жаңа пәндер ББ-ның еңбек функциясын ескере отырып, жұмысберушінің сұранысы арқылы енгізілді. Мәселен, түлектердің көпшілігі - БАҚ-та жұмыс істейді, әдеби сараптамашы, әдеби-танымдық бағыттағы бағдарламаларды жүргізетін тілшілер. Осыған байланысты әдебиетпен бірлікте пән енгіздік. Осы ББ түлектері негізінен мемлекеттік жұмыс аясында іс-жүргізуші, мемлекеттік тілді оқытатын филолог мамандар, ономастика бөлімінде жұмыс жүргізеді, соған орай да пәндер енгізілді. **Сұрақ: Е.Шахабаев** - Пәндер саны азайды ма?

- Елеулі болмаса да, азайды, бұрын 50 пән болса, қазір 44 пән болып тұр.

Сұрақ: Аталып отырған ББ-ға неге грант негізінде студенттер келмейді, тек квота немесе ақылы негізде оқиды?

- Мектепте мұғалім бола алмаған соң, талапкерлер негізінен Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына барады, бұл студенттерді үгіт-насихатпен жинаймыз, түлектеріміз тез арада жұмысқа тұрып, сұранысқа ие болып жатады, үлкен пайызда жұмысқа орналасады.

Сұрақ: Түлектердің жұмысқа орналасуы қалай?

- Басқа ББ-ға қарағанда жоғары. Ұсыныс: Свод талдауда ББ-ға кәсіби бағыт-бағдар

жұмыстарын жақсартуды қосу керектігі ескерілсін. ББ-ны аудиттік талдау бойынша жұмыс кафедра меңгерушісі тарапынан жақсы талдау болды, ББ-ның пәндер бойынша сипаттама дайындап бастау ұсынылды.

Сөз кезегін АК мүшесі, Түрік филологиясы кафедрасы меңгерушісі К.Семиз алды: 2020-2021 оқу жылында «6B02333 Шетел филологиясы түрік тілі» БББ-да 45 пән болған, 2021-2022 оқу жылында 40-пәнге түсірдік. Түркия Республикасының белді университеттерінің бірі Гази Университетінің БББ - мен салыстырып, Халық ауыз әдебиеті I,II, Ескі дәуір түрік әдебиеті I, II, III, IV, Жаңа дәуір түрік әдебиеті I, II, III, IV секілді пәндерімен теңестіріліп біздің БББ-ға енгізілді.

Жаңа 2023-2024 оқу жылына пәндер тізімін қысқартып, 35 болды, кредит санын арттырдық. Және де келесі жаңа оқу жылына жаңа екі пән қосуды жоспарлап отырмыз: 1. Түркі диалектілері арасында аударма теориясы. 2. Медиа сауаттылық. Кафедра меңгерушісі Кенан Семиз өз сөзінде «6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі» БББ бойынша мақсаттарын айқындап, түлек атрибуттарын тізбектеп, олардың күзінеттерін жеке жеке түсіндіріп өтті.

АК төрағасы, Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі Ермекбаева А.Ш. сөзі алды. Кафедраға қарасты екі білім беру бағдарламасы бойынша да міндетті пәндерге тілді үйретуде әлем тәжірибесінде бар Үйден оқу машығы пәнін 4 курс білімгерлеріне деңгейлеп қосып отырмыз. Сонымен қатар, міндетті пәндер мен таңдау компоненттерінде қысқартулар орын алды. Білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау барысында білім беру бағдарламасы түлегіне тән кәсіптік жеке қабілеттерін анықтай отырып, қазіргі білім беру бағдарламасын SWOT анализ арқылы дәлел келтіріп, БББ-ға қажетті ұсыныстарды ашып көрсетуге тырыстық.

АК төрағасы А.Ш.Ермекбаева: Құрметті АК мүшелері, алда атқарылатын жұмыс өте тығыз. Бірлесе көтерген жүк жеңіл. Жалпы желтоқсан айында жоспарға сай барлық пункттер талқыланды.

Шешім: Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

А.Ш.Ермекбаева

Хатшысы:

С.А.Қонысова